

"Өкімдер нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 18 сәуірдегі N 49 қаулысы мен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитеті Төрағасының 2005 жылғы 25 сәуірдегі N 175 бұйрығына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2007 жылғы 30 сәуірдегі N 42, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитеті Төрағасының 2007 жылғы 16 сәуірдегі N 229 Қаулысы мен Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 21 мамырдағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4680 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 23 қаңтардағы N 27 Бұйрығы және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 27 ақпандағы N 16 Қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2009.01.23 N 27 Бұйрығы және ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.02.27 N 16 Қаулысымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 45 және 47-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің Төрағасы **БҰЙЫРАДЫ** :

1. "Өкімдер нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 18 сәуірдегі N 49 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3644 тіркелген, "Юридическая газета" газетінің 2005 жылғы 23 қыркүйектегі N 175-176 жарияланған) және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 2005 жылғы 25 сәуірдегі N 175 бұйрығына мынадай толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

"салық органының осы қаулы мен бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес салық төлеушінің банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы ө к і м і . " ;

осы қаулыға және бұйрыққа қосымшаға сәйкес 3-қосымшамен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Салық әкімшіліктендіруі басқармасы (Қыпшақов А.М.) осы қаулы мен бұйрықты

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Ұйымдастыру қаржылық қамтамасыз ету басқармасы (Смағұлова Г.Ә.) осы қаулы мен бұйрықты Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға шаралар қабылдасын.

4. Осы қаулы мен бұйрық алғашқы жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ұ л т т ы қ Б а н к і н і ң

Төрағасы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Қ а р ж ы м и н и с т р л і г і
С а л ы қ к о м и т е т і н і ң

Төрағасы

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2005 жылғы 18 сәуірдегі
N 49 қаулысына және
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Салық комитеті Төрағасының
2005 жылғы 25 сәуірдегі

N 175 бұйрығына 3-қосымша

" Р Ұ Қ С А Т

Е Т Е М І Н "

ПРОКУРОРЫ

(а у д а н ы н ы ң ,

қ а л а с ы н ы ң)

(ш е н і)

(қ о л ы , а т ы - ж ө н і)

20 __ жылғы " ____ " _____

Салық органының салық төлеушінің банк шоттары
бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы
ӨКІМІ

20 __ жылғы» " ____ " _____

N _____

(жазба күні) _____

(банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге

асыратын ұйымның атауы, тіркеу нөмірі, орналасқан жері) _____ берілді.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 45, 47-баптарына с ә й к е с

(салық органының атауы, тіркеу нөмірі)

нақты мекен-жайы (тұрғылықты жері) бойынша болмаған салық төлеуші ретінде 20 жылғы " ____ " _____ бастап

(заңды тұлғаның толық атауы немесе жеке кәсіпкердің аты-жөні,

салық төлеушінің тіркеу нөмірі, орналасқан жері) _____
банк шоттары (корреспонденттік шоттарды қоспағанда) бойынша

(жеке бірегейлендіру коды)
барлық шығыс операциялары (салық берешегін өтеу бойынша операциялардан басқа) тоқтатыла тұрсын:
салық төлеушінің нақты мекен-жайы (тұрғылықты жері) бойынша болмауы туралы 20__ жылғы " ____ " _____
(а к т ж а с а л ғ а н к ү н)

акт және _____
(тиісті құқық қорғау органының атауы)
құқық қорғау органының 20__ жылғы " ____ " _____ N _____ жауабы.
(х а т т ы ң к ү н і)

мөрдің орны _____
(Салық органы басшысының аты-жөні)

Осы өкім 20__ жылғы " ____ " _____ табыс етілді.

Ескерту: "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 51-бабына сәйкес прокурордың рұқсаты заңды тұлғалардың шығыс операциялары тоқтатыла тұрған жағдайда талап етіледі.